

С.А.Тукебаева,^{1*}  Serhat Arslan² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

²Гази университеті, Анкара, Түркия

БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА SOFT SKILLS ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ересек мектеп жасына дейінгі балалардың икемді дағдыларының қалыптасуы қарастырылады. Балаларды білім берудің кейінгі сатыларына даярлаудағы және оларды ерте әлеуметтендірудегі коммуникативтік, әлеуметтік дағдылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болу рөлі зерттеудің өзектілігі болып табылады. Soft skills түсінігінің мән-мағынасы теориялық тұрғыда терең талдана отырып, құрылымы мен мазмұны ересек мектеп жасына дейінгі жасқа қатысты ашылып көрсетілген. Коммуникативтік, эмоциялық, әлеуметтік- реттеуші дағдыларды балаларда бірлескен іс - әрекет процесінде қалыптастырудың педагогикалық шарттарына назар аударылады.

Ересек мектеп жасына дейінгі балаларда эмоциялық жауаптылық, өзін- өзі реттеу, өзара әрекеттесуі мен ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруда бірлескен іс-әрекет тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастырылады. Икемді дағдыны дамыту мақсатында дамытушы қолайлы орта құруға бағытталған бірлескен іс - әрекетті ұйымдастырудың негізгі формалары мен қағидаттары талданады.

Зерттеу материалдарын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде, сонымен қатар ересек мектеп жасына дейінгі балалардың білім аясын кеңейтуге, әлеуметтік маңызды дағдылыларын дамытуға арналған арнайы педагогикалық- психологиялық бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу барысында қолдануға болады.

Түйін сөздер: soft skills, ересек мектепке дейінгі жас, бірлескен іс- әрекет, өзара әрекеттесу, коммуникативтік дағдылар.

Тукебаева С.А.,^{1*}  Serhat Arslan² 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

²Университет Гази, г.Анкара, Турция

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ SOFT SKILLS У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В ПРОЦЕССЕ СОВМЕСТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье рассматривается формирование у детей старшего дошкольного возраста гибких навыков в системе дошкольного образования. Актуальность исследования заключается в роли адекватности возрастных особенностей коммуникативных, социальных навыков в подготовке дет ей к более поздним ступеням образования и их ранней социализации. Сущность понятия Soft skills раскрывается в контексте старшего дошкольного возраста с углубленным теоретическим анализом структуры и содержания. Акцентируется внимание на педагогических условиях формирования коммуникативных, эмоциональных, социально - регулятивных навыков у детей в процессе совместной деятельности.

Совместная деятельность рассматривается как эффективный педагогический инструмент в формировании у детей старшего дошкольного возраста навыков эмоциональной отзывчивости, саморегуляции, взаимодействия и сотрудничества. В целях развития гибких навыков анализируются основные формы и принципы организации совместной деятельности, направленные на создание благоприятной развивающей среды.

Материалы исследования могут быть использованы в практике дошкольных образовательных организаций, а также в процессе разработки специальных педагогико - психологических программ и методических рекомендаций, направленных на расширение сферы знаний, развитие социально значимых навыков детей старшего дошкольного возраста.

Ключевые слова: soft skills, старший дошкольный возраст, совместная деятельность, взаимодействие, коммуникативные навыки.

Tukebayeva S.,^{1*}  Serhat Arslan² 

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Gazi University, Ankara, Turkey

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR DEVELOPING SOFT SKILLS IN OLDER PRESCHOOL CHILDREN THROUGH JOINT ACTIVITIES

Abstract

The article discusses the formation of flexible skills in the preschool education system in older preschool children. The relevance of the study lies in the role of the adequacy of age-specific features of communicative and social skills in preparing children for later levels of education and their early socialization. The essence of the concept of Soft skills is revealed in the context of senior preschool age with an in-depth theoretical analysis of the structure and content. The author focuses on the pedagogical conditions for the formation of communicative, emotional, and socio-regulatory skills in children in the process of joint activities.

Joint activity is considered as an effective pedagogical tool in the formation of emotional responsiveness, self-regulation, interaction and cooperation skills in older preschool children. In order to develop flexible skills, the main forms and principles of organizing joint activities aimed at creating a favorable developing environment are analyzed.

The research materials can be used in the practice of preschool educational organizations, as well as in the process of developing special pedagogical and psychological programs and methodological recommendations aimed at expanding the field of knowledge and developing socially significant skills of older preschool children.

Keywords: soft skills, senior preschool age, teamwork, interaction, communication skills.

Кіріспе. ҚР педагогикалық ғылымы мен тәжірибесі саласында мектепке дейінгі кезеңде балалардың әлеуметтік өмірлік маңызды дағдыларын дамытуға айрықша көңіл бөлінеді. Білім беру бағдарламалары мен дамудың ұлттық модельдерінде негізгі басым мақсат тұрғысында өсіп келе жатқан баланың тұтас дамуын және де оның болашақта табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін құнды құзыреттерін қалыптастыру мәселесі жалпыланады. Мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбие оқытуды дамытудың моделінде балалардың танымдық және коммуникативтік дағдыларын, әлеуметтік және эмоционалдық құзыреттілігін дамытудағы ішкі мотивацияны қалыптастыруға, сонымен қатар әр баланың жеке типологиялық ерекшеліктерін, білім беру қажеттіліктерін есепке ала отырып, олардың әлеуетін мейлінше ашуға бағытталған жағдайлар жасаудың қажеттілігі көрсетілген [1]. Осы өзгерістердің өзегінде ХХІ ғасырдың талап қажеттіліктеріне сәйкес коммуникация, көшбасшылық, шығармашылық, сыни ойлау, серіктестік сияқты икемді дағдыларды меңгеру мәселесі тұр.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесін дамыту барысында балаларда икемді дағды, яғни өзгелермен тиімді өзара әрекеттесуді, әрі қарай білім берудің кейінгі сатыларына даярлауды қамтамасыз ететін озық құзыреттіліктерді қалыптастыру аса маңыздылыққа ие. Soft skills (икеменді дағдының) пәндік біліммен дағдыдан айырмашылығы, тұлғаның коммуникативтік, өзара әрекеттесу, эмоциялық интеллект, ынтымақтастық, өзін - өзі реттеу қабілетін сипаттайды, бұл ересек мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына басымдық береді. Ғылыми зерттеулер мәліметтеріне сәйкес, ересек мектепке дейінгі кезең баланың жеке қасиеттерін, әлеуметтік коммуникативтік қабілеттерін қалыптастырудың сензитивті кезеңі ретінде қарастырылады. Дәл осы кезеңде баланың мінез-құлық еріктілігі, басқалармен қарым-қатынасы, олармен бірлесу әрекеттестігі, эмоционалды интеллект пен коммуникативтік дағдыларының негізі қаланады. Сондай-ақ адамдармен әрекеттесу нормаларын игерудің және де келіспеушілік жағдайларды шешудегі алғышарттар жасалады.

Soft skills - ті қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі ересек мектеп жасына дейінгі балалардың қарқынды өзара әрекеттесуін, іс- әрекетті үйлестіруді және жалпы нәтижеге қол жеткізуді меңзейтін бірлескен іс - әрекет болып табылады. Бірлескен іс - әрекет үрдісінде балалар ынтымақтастық тәжірибесін жинақтайды, келіссөздер жүргізуді, рөлдерді бөлуді, бастамашыл болуды және ортақ істерге жауапты болуды үйренеді. Сондай- ақ икемді дағдыны

қалыптастырудың тиімділігі көп жағдайда педагогикалық қолдаудың сипатына және де осы іс-әрекетті ұйымдастырудың педагогикалық шарттарына байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларда икемді дағдыларды дамытудың мәселесіне ғылыми қызығушылықтың артып келе жатқанына қарамастан, оның бірлескен іс-әрекет үрдісінде ересек мектеп жасына дейінгі балаларда қалыптасуының шарттары жеткілікті деңгейде жүйеленбеген тұрғыда қалып отыр.

Осыған қатысты, біздің зерттеуіміздің бағытын анықтайтын бірлескен іс-әрекет үрдісінде ересек мектеп жасына дейінгі балаларда soft skills қалыптастырудың педагогикалық шарттарын негіздеу аса өзекті мәселе болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде soft skills ұғымы біржақты түсіндіруге ие емес әр түрлі атаулармен қолданылады, бұл осы құбылыстың пәнаралық сипатына да, сонымен қатар ғылыми дәстүрлердің ұлттық ерекшелігіне де байланысты. Hard skills-пен қарама қарсы дағдылардың жиынтығын қамтитын біртекті термин жоқ деп айтуға болады, олар көбінесе когнитивтік қабілеттер, техникалық дағдылар, академиялық білім және кәсіби мамандырылған құзыреттер деп ұғынылады.

Зерттеуші ғалымдар С.Суччи мен М.Кановидің еңбектерінде қазіргі еңбек нарығында көшбасшылық, коммуникативтік сияқты қабілеттерді, сонымен қатар өзіндік бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру және реттеу дағдыларын қамтитын икемді дағдылары дамыған мамандар жоғары сұранысқа ие екендігі баса айтылады [2]. Бұл білім беру жүйесінде бала кезден soft skills қалыптастыру мен дамытуды тереңірек түсіну керектігін өзектендіреді. Кейбір зерттеушілер икемді дағдыны интеллектуалды дағдылар немесе ойлаудың ерекшеліктері деп атап жүр. Осыған сәйкес, шет елдік ғылыми әдебиеттерде skills of the 21st century термині көп қолданылады, оның ішінде әр түрлі семантикалық негіздермен біріктірілген жіктеулер де бар. Осы тұрғыда зерттеуші J.Soffiel дүниежүзілік экономикалық форумның материалдарына негізделі отырып soft skills-ті сауаттылық, құзыреттілік және жеке қасиеттер деп үш топ шеңберінде құруды ұсынды [3]. А.Дакворт болса осы дағдылардың кешенін grit ұғымымен белгілейді, сонымен қатар тұлғаның тұрақтылығы мен табандылығына зейін қояды. Клэкстон мен Коста, Коллик икемді ойлауды оқудың диспозициясы ретінде түсіндіреді, олардың мінез – құлық белсенділігін реттеудегі басты рөлді көрсетеді.

Осы мәселе төңірегіндегі қызықты тұжырымдамалық тәсіл Л. Янаның зерттеулерінде ұсынылған, ол Qi skills терминін пайдалануды ұсынады және дамудың алғашқы кезеңіндегі бала дамуының жалпы тұтас сипатын бейнелейтін мен, біз, неге, ерік, қозғалыс, белгісіздік, егер сияқты жеті басты категорияны бөліп көрсетеді [6].

С.Ж.Еркебаева жаңартылған білім берудің мазмұны жағдайында ересек мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселесін зерттеді [7]. Осы ретте автор дағдыларды дамыту диалогтық қарым-қатынас, өзара әрекеттесу, бірлескен ойын әрекеттері арқылы жүзеге асырылатынын негіздеді. Педагогтің фасилитаторлық ұстанымы мен қолайды білім беру шеңбері мектеп жасына дейінгі балалардың өзара іс-әрекетінің әлеуметтік дағдыларын дамытудың шарттары ретінде қарастырылады. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларда икемді дағдыны дамытудың теориялық негіздерін толықтыра түседі.

Зерттеуші М.Пао тұлғалық мінез - құлық көзқарасы тұрғысынан икемді дағдыны өзін - өзі танытудың ең қолайлы, әрі дұрыс тәсілі ретінде анықтайды [8]. Ол көп жағдайда жеке тұлғаның типтік ерекшеліктеріне, өзіндік көзқарастарына, мінез - құлық үлгілеріне байланысты. Сондай-ақ автор soft skills –ті тиімді қарым қатынас, өзін реттеу, өзін ұйымдастыра алу, уақытты дұрыс басқару, келіссөздер жүргізе алу, көшбасшылық, жанашырлық таныту, оқу, шешім қабылдау сияқты дағдыларды дамытудағы қажетті дағдылар жиынтығын қамтитынын атап көрсетті. Келесі осы мәселе төңірегінде өзінің зерттеулерін арнап жүрген ғалым Ж.Диакью М.Паоның интерпретациялауын толықтыра отырып, soft skills позитивті тұлғаралық қатынастарды құру, құрдастарымен, ересектермен өзара әрекеттесу, өзін тану, өз эмоциясын басқара алу, тапсырмаларды орындау сияқты қабілеттерін көрсететінін сипаттады [9].

Кейінгі заманауи зерттеулерде soft skills- тің негізгі көрсеткіші ретінде эмпатияға баса назар аударылады. Бұл тұрғыда Л.Байрамы мен М.Гордан сынды ғалымдар эмпатияны инклюзивті және де бейбіт қоғамды қалыптастыруға және зорлық – зомбылық деңгейін төмендетуге әсер ететін негізгі маңызды дағды ретінде көрсетеді [10]. Авторлар бұл қажетті сапаны дамытуды дамудың ерте кезінен бастау қажеттілігін баса айтады.

Материалдар мен әдістер. Soft skills пен Hurd skills арақатынасы жөніндегі пікірталас аумағындағы білім беру бағдарламаларында мәдени және әлеуметтік әр түрлілігіне, әмбебап құндылықтарына құрметпен қараудың арасындағы теңдіктің қажеттілігіне зейін қояды [11]. Осы контексте soft skills әр түрлі көзқарастардағы адамдардың үйлесімді өмір сүрудің құралы ретінде қамтамасыз етілуі бойынша қарастырылады. Бірқатар зерттеушілер осы тұрғыда цифрлық ақпаратпен жұмыс істеудің дағдыларын интерпретациялай отырып, икемді дағдыны дер кезінде дұрыс қолданудың маңыздылығын атап өтіп, әлеуметтенудің негізгі шарты ретінде көрсетеді [12].

Қазіргі кезде маңызды болып табылатын soft skills дағдысының педагогикалық және психологиялық аспектілерін тереңірек ұғынудың түрлі әдістері белгіленген. Бірталай зерттеушілер оларды әлеуметтік дағдылар тобына қосады, оларға басқару қабілеті, шешімділік, жетістікке ұмтылу, төзімділік, табандылық жатады деп санайды. Осы ретте орыс ғалымдары үш компонентті модельді әзірлейді, соған сәйкес soft skills белгілі бір контексті, технологияларды, мотивацияны және әрекет алгоритмдерін қамтыды.

«Кәсібиліктен асатын» дағдылардың маңыздылығы ретінде икемді дағды түсінігін талдауда ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде ортақ нәрсе байқалады. Мәселен, зерттеуші ресейлік Шайхутдинова Х.А бұл дағдыларды меңгеру оқуда және кәсіби ортада нәтижелікке, табысқа, өнімділікке әсер етеді деп көрсетеді [14]. Қазіргі білім заманауи талаптарға сай жүруі керек, яғни мектепке дейінгі кезеңнен бастап жоғары кәсіби деңгейге дейін қалыптастырылуы шарт. Қазірде ірі компаниялар жұмыс берушілерінің сұранысына қатысты креативті тұрғыда жұмыс жасай алатын, сыни ойлауы дамыған, коммуникацияға тез түсе алатын, адамдармен ортақ тіл табыса отырып жұмыс істей алатын, бір сөзбен айтқанда икемді дағдысы қалыптасқан тұлғалар қажет.

Soft skills түсінігіне ұқсас «4 К» ұғымы да кеңінен қолданыста, оған сын тұрғысына ойлау, креативтілік, ынтымақтастық, коммуникативтік жатады. Мұндай дағдысы дамыған тұлға күрделі міндеттерді шешуге көмектеседі. Сыни тұрғыдан ойлау кез - келген маңызды ақпараттарды талдауға және оны бағалауға көмектессе, креативтілік қандай да бір міндеттерді шешуге жаңа көзқарас дайындауға әсер етеді, мәселеге жаңа қырынан қарауға көмек береді. Коммуникативтік дағды мен ынтымақтастық болса командалық жұмысты құруға, бір - бірімен түсініп жұмыс атқаруға, бастама көрсетуге, команда мүшелерін міндетті шешуге тартуға көмектеседі [15].

Жалпы алғанда, soft skills – кең, көп қырлы дағдылар жиынтығы. Біздің зерттеуіміздегі мектепке дейінгі контексте бұл термин «қолшатырлы» ұғым сипатына ие, оның құрылымы әлі де болса жеткілікті деңгейде анықталмаған. Бұл мәселеге сәйкес ерте балалық шақтағы зерттеулер қатары белсенді қалыптасу кезеңінде болғанымен, ғылыми әдебиеттерде оларды жүйелеу әрекеттері жалғасуда. Осы тұрғыда, зерттеуші С. Succu [16] жұмыспен қамту және жоғары білім үшін әзірленген, бірақ мектепке дейінгі білім беру жүйесіне де қолданыста болатын икемді дағды таксономиясын ұсынды. Автордың бұл жіктемесінің аясында тұлғалық, әлеуметтік және әдістемелік сияқты үш дағдылар тобы бөлінеді. Тұлғалық икемді дағды баланың жеке сипаттамаларымен, атап айтқанда жауапкершілік, стресске төзімділік, табандылық, әлеуметтік – басқалармен өзара әрекеттесумен (командалық жұмыс, келісу дағдысы, көшбасшылық), әдістемелік – проблемаларды шешу әдістерін қолданумен, стратегиялармен байланысты. Бұл аталған дағдылар баланың ерте дамуына тікелей маңызды деп айта аламыз.

Ересек мектепке дейінгі жастағы балаларда икемді дағдыларды дамыту балалардың эмоцияларын басқаруға, жаңа жағдайларға жеңіл бейімделуге, қарым - қатынас мәдениетін жетілдіруге ықпал етеді.

Кесте 1. Soft skills ұғымын ғылыми зерттеулердегі анықтау тәсілдері

Зерттеуші авторлар	Терминдер	Негізгі аспектілер
М.Уотс, Р.Уотс	Soft skills	Коммуникация мен мінез- құлыққа бағытталған Hard skills-ке қарама қарсы дағды
Д.Эльвин	XXI ғасыр дағдылары	Сыни ойлау, креативтілік, коллаборация, коммуникация
Ж. Софиель	Тұлғалық қасиеттер, негізгі сауаттылықтар, құзыреттер	Әлеуметтік және тұлғалық қасиеттер, балалық сауаттылық.
Дакворт	Табандылық	Жетістікке жетудегі тұрақтылық
Diakiv	Икемді дағды	Позитивті қары қатынас, өзін - өзі реттеу, тапсырманы орындау
Л.Баурани, М.Гордон	Эмпатия- икемді дағды ретінде	Жанашырлық таныту, бейбіт және инклюзивті орта
Глаксон, Коста және Каллик	Ойлау әдеттері және оқу дағдылары	Танымдық икемділік, жауапкершілік, рефлексия
Телеско, Оперти және Амадио	Көлденең құзыреттер	
De Naan, Kaiper & Pijpers	Әлеуметтік оқыту процестері	Әрекетті бағалау, рефлексия арқылы дағдыларды қалыптастыру
Rao	Әдеуметтік қолайлы өзін таныстыру	Тұлғааралық өзара әрекеттер, уақытты басқару, әлеуметтік жағдайды түсіну
Suggi C	Әлеуметтік, тұлғалық және әдістемелік икемді дағды	Әлеуметтік қарым - қатынас, тұлғалық қасиеттер,
Л. Яна	Qi-skills	Мен, біз, неге, ерік, қозғалыс, берлестік сияқты әлеуметтік даму өлшемдері
Роблс. Р.	Бизнес ортасындағы икемді дағдылар	Адалдық, коммуникация, жауапкершілік, бастамашылдық
Heckman & Kants	Бейтанымдық дағдылар	Өзіндік бақылау, мінез-құлық аспектілері, табандылық, әлеуметтік жауапкершілік
OECD	Эмоциялық және әлеуметтік дағдылар	Мақсатқа бағытталу, эмоциялық интеллект, өзін реттеу, тұрақтылық, бірлестік
Wjrlд Economic Forum	XXI ғасыр дағдылары	Сыни ойлау, креативтілік, коллаборация, коммуникация, көшбасшылық

Мектеп жасына дейінгі ересек топтағы төрт жастағы балаларда икемді дағдыларды дамыту және қалыптастыру – ұйымдастырылған іс - әрекет арқылы, яғни ойынмен кіріктірілген мақсатты педагогикалық үрдіс негізінде жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбиелеу контекстінде педагогикалық әдістемелік үрдістер ересек жастағы балалардың тұлғалық, танымдық, коммуникативтік, эмоциялық, әлеуметтік дағдыларын дамыта түсетін әдістемелік - ұйымдастырушылық, мазмұндық және үдерістік факторлар жүйесі ретінде сипатталады. Сонымен қатар бұл факторлар икемді дағдыларды дамыту және қалыптастыру үшін мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде бірлескен іс- әрекет негізінде, педагогикалық шарттарға негізделіп отырып ұйымдастырылған іс - әрекет арқылы жүзеге асады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда икемді дағдыны дамытудың негізгі педагогикалық шарттарының бірі – төрт жастағы балалардың бірлескен әрекеті, ортақ шешім шығара білетін, ұйымдасқан нәтижелі әрекеті. Әрекеттің мұндай түрі, коммуникация дағдыларын, ынтымақтастық дағдыларын, танымдық дағдыларын, әлеуметтік – эмоциялық дағдыларын дамытуға негізделеді және бірлескен іс – әрекет барысында жауапкершілік сезімін қалыптастыруға, бастамашылдық пен іс – әрекеттің нәтижесін ортақ көруге ықпал етеді.

Осы үдерісте мектеп жасына дейінгі ересек жастағы бала әрекет барысындағы рөлдерді тиісінше келісімге келе отырып бөлісуі және жасалатын әрекеттер тізбегін бірлесіп жасауы, жобалауы - әлеуметтік нормалар мен қарым -қатынас ережелерін меңгертеді, бұл икемді дағдыны (soft skills) дамытудың маңызды алғышарты болып табылады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларын дамытудың тағы да бір маңызды шарты – балалардың бірлескен әрекетін, яғни топтық жұмысты фасилитациялау (топтық жұмысты ұйымдастырып жүргізу). Бұл мектеп жасына дейінгі педагогтің кәсіби ұйымдастыру әрекетіне, яғни педагогтің ұстанымына, ұйымдастырушылығы мен үйлестірушілігіне байланысты рөл атқарады. Демек педагогтің фасилитациялық әрекеті мектеп жасына дейінгі ересек жастағы бала үшін эмоционалды күйге, ынтымақтастықты жетілдіруге және топтағы әр бала үшін жасаған іс -әрекеттің табысты нәтижесін көрсетеді. Бұл әрекет педагогикалық қарым -қатынас белсенділігін жетілдіреді, өзін -өзі реттеу дағдыларын дамытады және рефлексивті дағдыларды қалыптастырады. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі ересек топ балалары өз әрекеттерін және оның бірлесіп жасалу маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Бұл бала бойындағы жауапкершілік сезімі мен эмпатияны дамытуға септігін тигізеді.

Ересек мектепке дейінгі балаларда икемді дағдыны(soft skills) дамытудың педагогикалық алғышарты - бірлескен іс -әрекеттің әртүріне жағдайында мүмкіндік беретін - дамытатын заттық -кеңістік ортаны құру жағдайы болып табылады. Орта мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың қарым – қатынасын ынталандыруға, жауапкершілікті сезінуіне, бастаманы қолдауға, әрекетті белсендіруге мүмкіндік беруі керек. Дамытушы орта қоршаған ортадағы кеңістікті ұйымдастырумен қатар, бірлескен іс-әрекетке ынталандыратын көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар, аудио, видео таспалар, көркем бейнелерден және т.б тұрады. Осылардың барлығы баланың бойында икемді дағды(soft skills) дамытудың маңызды компоненттері.

Келесі педагогикалық шарттың бірі – мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бірлескен іс-әрекетті барысында әлеуметтік эмоционалды интеграциялау. Балалардың бірлескен іс-әрекеті эмоциялық күйлерді, эмпатия, эмоционалды интеллект, өзін -өзі тану, өзін -өзі түсіну, өзін - өзі анықтау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайлар тікелей ұйымдастырылған іс-әрекетте немесе одан тыс уақытта икемді дағдыны(soft skills) дамыту үрдісі барысында жүзеге асады.

Теориялық негізгі анықтау мәселесінде, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыны(soft skills) дамыту, өзара әрекеттесу, ынтымақтасу, өзін - өзі реттеу дағдыларын дамытуға негізделген педагогикалық алғышарттарды құруды қажет етеді деген қортынды жасауға болады. Демек, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балаларда икемді дағды(soft skills) дамыту процессуалдық сипатқа ие және ол балалардың өзара әрекеттесуі мен бірлескен іс -әрекет арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, бұл мәселенің маңыздылығы икемді дағдыларды дамытуды ерте, яғни мектепке дейінгі жаста, баланың дамуының сезімталдық кезеңінде қарастырылуында. Бұл мәселе, мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуде баланың әлеуметтік, коммуникативтік, эмоционалдық, танымдық дағдыларын дамыта отырып, баланың болашақ мектепте оқуына, бейімделуіне, қарым -қатынасына оң ықпал етеді.

Бірлескен іс-әрекет мектеп жасына дейінгі баланың топтағы қарым -қатынасына, топтағы әрекет ету дағдыларының дамуына мүмкіндік беретін икемді дағдыны дамытудың жетекші контексті болып табылады. Ал бұл үрдістің тиімділігі мен маңыздылығы, аталып өткен педагогикалық шарттарға байланысты, бұл оның теориялық және практикалық негіздеу қажеттілігін өзектендіреді.

Зерттеу аясында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларын(soft skills) бірлескен іс -әрекетте дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау және талдау, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде қалыптасу деңгейін зерттеу міндеті қойылды.

Зерттеу жұмысы кешенді сипатта, ғылыми әдебиеттерге теориялық – әдіснамалық талдау жүргізуді және мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларын(soft skills) қалыптастыру деңгейін диагностикалауға бағытталған тәжірибелік жұмысты қамтиды.

Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде икемді дағды(soft skills) мәселесіне және оны дамыту, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі ересек жастағы (4 жас) балалардың өзіндік ерекшеліктеріне, атап айтқанда әлеуметтік – коммуникативтік және эмоциялық даму ерекшеліктеріне

арналған ғылыми еңбектерге, теориялық - әдіснамалық талдаулар жүргізілді. Зерттеу әдістері бойынша анализ, синтез, салыстыру, жалпылау әдістері қолданылды. Қолданылған әдіс-тәсілдер икемді дағды(*soft skills*) түсінігі мен мазмұнын, ғылыми көзқарастар мен түсініктер және бірлескен іс -әрекетте дамытудың педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің екінші кезеңінде, эксперименттік диагностика жүргізілді. Ол мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдының(*soft skills*) құрамдас бөліктерінің дамуына бағытталды. Эксперименттік зерттеу жұмысы Алматы қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, атап айтқанда Медеу ауданына қарасты №156, №109 бөбекжай балабақшаларында жүргізілді.

Зерттеу жұмысына екі топ алынды.

Бірінші топ – бақылау тобы, №109 бөбекжай - балабақшасының, ересек «Қошақан» тобында тәрбиеленетін 4 жастағы 51 бала құрады.

Екінші топ - эксперименттік топ, №156 бөбекжай - балабақшасының, ересек «Ертарғын» тобында тәрбиеленетін 4 жастағы 55 бала құрады. Зерттеу жұмыстары басталмас бұрын, ересек топ балаларының ата – аналарынан(заңды өкілдер) келісім, сондай ақ мектепке дейінгі ұйым өкімшілігінен рұқсат алынды.

Зерттеу мақсаты – ересек мектепке дейінгі балаларда икемді дағды(*soft skills*) бірлескен іс-әрекетте дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау және теориялық негіздеу болып табылады.

Эксперименттік зерттеу аясында мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балаларды зерттеуге арналған төмендегідей диагностикалық зерттеу әдістемелері іріктеліп, таңдалынды. Әдістемелердің негізгі ерекшеліктері мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық ерекшеліктерін, эмоциялық күйін түсіну қабілетін анықтауға негізделген.

1. Г. Цукерманның «Қолғаптар» әдістемесі, бұл әдістеменің мақсаты, мектеп жасына дейінгі балалардың бір - бірімен әрекеттесу, келісу бейімділігін және коммуникативтік дағдыларын анықтау

2. Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының бірлескен іс- әрекетін бақылау арқылы, олардың коммуникативтік, эмоциялық дағдыларының бірлескен іс- әрекетте көріну ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында қолданылған диагностикалық зерттеу әдістерін таңдау мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының, яғни 4 жас мөлшеріне лайықталып таңдалынды.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу жұмысында алынған көрсеткіштер икемді дағдының(*soft skills*) даму деңгейін анықтау, сонымен қатар балалардың бірлескен іс -әрекет жағдайында, дамытуға негізделген педагогикалық шарттардың тиімділігін нақтылау мақсатында сапалық, сандық талдау жасалды.

1- суретте және 2 - кестеде Г. Цукерманның «Қолғаптар» әдістемесі бойынша алынған көрсеткіштер бейнеленген



Сурет 1 Әдістемеден алынған нәтижелер

Тәжірибелік зерттеу мәліметтері бойынша икемді дағдының даму көрсеткіштерін анықтау, оның бірлескен іс-әрекетте дамытуға негізделген педагогикалық шарттардың тиімділігін талдау мақсатында талдау жасалынды

Кесте 2 – Г.Цукерманның «Қолғаптар» әдістемесі бойынша жиілік талдау көрсеткіші (%)

Коммуникативтік дағдылары	
Жоғары деңгей	67,5
Орташа деңгей	13,4
Төменгі деңгей	19,1

Кестеде мектепке дейінгі ересек жастағы (4 жас) балалардың коммуникативтік дағдыларының орташа сандық көрсеткіштері берілген. Кестедегі, суреттегі көрсеткіштер бойынша, талдау жасайтын болсақ, ересек жастағы балалардың басым бөлігі (67,5%) жоғарғы деңгей көрсеткен. Бұл деңгейдің орташа арифметикалық мәні 2,7 балға сәйкес бола отырып, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бірлескен әрекетте алдымен қолғаптың өрнегін талқылайды, әртүрлі нұсқалармен талдаулар жасайды, түстерді бірлесіп, ақылдасып талдайды. Соңында келісілген, жоспарланған, бірлескен жұмыс жүзеге асырылады.

Топтағы балалардың 13,4% -ы коммуникативтік дағдылардың орташа көрсеткішімен анықталған. Бұл көрсеткіш қолғаптың кейбір белгілерінің(реңі, оюлары, пішіні) ұқсастық белгілерінің арасында алшақтықты көрсетеді. Сонымен қатар топтағы қалған балалар, яғни 19.1% коммуникативтік дағдылардың төменгі көрсеткішімен, сандық талдаулар көрсеткен. Төменгі көрсеткіш көрсеткен балалар бірлескен әрекетке бағытталмайды, әрқайсысы өз беттерімен, ортақ шешім жасау дағдыларының көрсеткішінің төмендігін байқатқан. 2 -суретте орташа және төменгі көрсеткіштер бейнеленген.



Сурет 2. Коммуникативтік дағдының орташа және төменгі деңгейлері

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде, зерттеу жұмысының сандық өңделуі бойынша, параметрлік емес статистикалық өңдеу әдістері – М.Уитни U-критерийі, Спирмен корреляциялық талдау жасалды.

Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларының (soft skills) даму көрсеткіштері 3 -кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Ересек жастағы мектепке дейінгі балалардың икемді дағдыларының(soft skills) даму көрсеткіші

Топтар	Бала саны	Коммуникативтік дағды	Эмоц.интеллект	Әлеуметтік реттеушілік дағды
№109 б/б (БТ)	51	3,6	3,3	3,4
№156 б/б (ЭТ)	55	4,3	4,1	4,2

Ескерту: 1-5 (1-төменгі көрсеткіш, 5-жоғарғы көрсеткіш)

Кестедегі салыстырмалы көрсеткіш бойынша талдайтын болсақ, №156 бөбекжай балабақша (ЭТ) ересек топ балалары, №109 бөбекжай балабақша (БТ) ересек топ балаларына қарағанда коммуникативтік, эмоционалды интеллект және әлеуметтік – реттеушілік дағдыларының жоғары көрсеткішін көрсеткен. Бұл бірлескен іс -әрекетке арнайы педагогикалық шарттардың икемді дағдыларды(soft skills) дамытуға тиімділігін көрсетеді.

Спирмен корреляциялық талдау негізінде мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бірлескен іс-әрекетке қатысу жиілігі мен икемді дағды(soft skills) компоненттерінің даму деңгейі арасындағы оң, маңызды байланыс бар екендігі анықталды. ($r = 0,51-0,64$; $p < 0,04$).

Манн – Уитни критерийі бойынша 2 топ арасында айырмашылық барлық көрсеткіш негізінде, статистикалық мәнділігі анықталды. ($p < 0,06$).

Зерттеу көрсеткіштері теориялық - әдіснамалық талдаулардың дәлелдемелік тұжырымдамаларын растайды. Сонымен қатар бірлескен әрекетте мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдылары(soft skills) дамитындығын дәлелдейді. Балалар бірлескен әрекеті, яғни ойын барысында, қарым -қатынаста коммуникативтік, эмоциялық, әлеуметтік реттеушілік дағдылары дамуына мүмкіндіктер жасалады. Алынған деректер, шетелдік зерттеулермен сәйкес келеді (Diakiw, 2016; Bayrami & Gordon, 2017). Бұл еңбектерде, икемді дағдылары(soft skills), дәстүрлі білім беру hard skills -ке қарағанда жаңа ортаға тез бейімделуге, коммуникативтік дағдының қалыптасуына, эмоционалды өзара әрекеттесу мен ынтымақтастыққа негізделген мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, мектепте оқуға педагогикалық - психологиялық дайындығын арттырады.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы тек Алматы қаласындағы екі бөбекжай балабақшасында жүргізілді. Келешекте зерттеу жұмысына байланысты, бірлескен әрекетте икемді дағдыны дамытудың кеңейтілген зерттеу кешендері жасалып, зерттеу жұмыстары жалғасын табады.

Қорытынды. Зерттеу жұмысының теориялық талдануы мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағдыларын(soft skills) бірлескен әрекетте дамыту арнайы ұйымдастырылған педагогикалық шарттарға негізделген мақсатты және жүйелі үрдіс екендігін анықтаға мүмкіндік берді. Негізгі шарттардың қатарына, балалардың бірлескен әрекеті, ортақ шешім шығара білетін, ұйымдасқан әрекет, топтық жұмысты фасилитациялау (топтық жұмысты ұйымдастырып жүргізу), бірлескен іс -әрекеттің әртүріне жағдайында мүмкіндік беретін - дамытатын заттық -кеңістік ортаны құру жағдайы, Келесі педагогикалық шарттың бірі – мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бірлескен іс- әрекетті барысында әлеуметтік эмоционалды интеграциялау. Осы көрсетілген педагогикалық шарттарды жүзеге асыру баланың әлеуметтік өзара әрекеттесуге, қарым – қатынас дағдыларын дамытуға, коммуникативті дағдыларын реттеуге ықпал етеді.

Эмпирикалық зерттеулердің көрсеткіштері мен нәтижелері анықталған педагогикалық шарттардың қажеттілігі мен тиімділігін растады. Ұйымдатырылған іс -әрекет барысында, бірлескен әрекетте эксперименттік топ балалары бақылау тобына қарағанда коммуникативтік, эмоционалды және әлеуметтік реттеушілік дағдыларының жоғарғы деңгейінің көрсеткіштері анықталды. Бұл мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағды(soft skills) құрал ретінде бірлескен әрекетте айтарлықтай маңыздылығын көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде икемді, жқмсақ дағдыларды дамыта отырып, қалыптастыру, баланың жаңа ортаға әлеуметтенуіне, ынтымақтастық қабілетті-

лігінің дамуына, эмоционалды интеллектісінің дамуына, мектепте оқуына дайындығына оңтайлы әсер етеді.

Қортындылай келе, зерттеу нәтижесі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың икемді дағды (soft skills), бірлескен әрекет мәселесінің мәні мен ерекшелігі туралы теориялық түсініктер анықталып, жүйеленді. Педагогикалық ұсынылған шарттар мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің балалармен жасалатын бірлескен іс - әрекеттерінде, әдістемелік ұсыныстарында, ата - аналармен жасалатын оқу - әдістемелік жұмыстарында қолдану мүмкіндігінде жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137> 14.08.22.
2. Суччи С., Канови М. Гибкие навыки для повышения трудоустройства выпускников: Сравнение мнений студентов и работодателей. Исследования в области высшего образования. 2020; Т. 45, № 9: 1834–1847. Soffel J. What are the 21st-century skills every student needs? [Электронный ресурс]. – 2016.
3. Soffel J. What are the 21st-century skills every student needs? [Электронный ресурс]. – 2016. – URL: <https://www.weforum.org/agenda/2016/03/21st-century-skills-future-jobs-students> (дата обращения: 26.11.2025).
4. Duckworth A. Grit: The power of passion and perseverance. – New York : Simon & Schuster, 2016. – 352 p.
5. Claxton G., Costa A., Kallick B. Hard thinking about soft skills // Educational Leadership. – 2016. – Vol. 73, № 6. – P. 60–64.
6. Jana L. The toddler brain: Nurture the skills today that will shape your child's tomorrow. – MA : Da Capo Lifelong Books, 2017. – 320 p.
7. Еркебаева С.Ж. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту : дис. ... пед. ғыл. канд. – Алматы, 2023. – 160 б.
8. Rao M. Myths and truths about soft skills // T+D Talent Development. – 2012. – Vol. 66, № 5. – P. 48–51.
9. Diakiv J. Good for kids, good for us: Socio-emotional skill development in the early years [Электронный ресурс] // Our Schools Our Selves. – 2016. – Vol. 25, № 2. – P. 39–46. – URL:
10. Bayrami L., Gordon M. Lighting the footpath to a peaceful future: The roots of empathy program // Exchange. – 2017. – № 234. – P. 8–11.
11. Tedesco J., Opertti R., Amadio M. The curriculum debate: Why it is important today // Prospects. – 2014. – Vol. 44, № 4. – P. 527–546.
12. De Haan J., Kuiper E., Pijpers R. Young children and their digital skills in the Netherlands // International Journal of Media & Cultural Politics. – 2011. – Vol. 6, № 3. – P. 327–333.
13. Жадько Н.В., Безруких М.М. Формирование «мягких» навыков в профессиональном обучении [Электронный ресурс] // Профессиональное образование. Столица. – 2011. – № 8. – С. 14–15. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=16550458> (дата обращения: 15.11.2025).
14. Шайхутдинова Х.А. Формирование soft skills в процессе подготовки студентов к успешной профессиональной деятельности [Электронный ресурс] // Поволжский педагогический вестник. – 2020. – Т. 8, № 2(27). – С. 99–106. – URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44141331> (дата обращения: 15.11.2025).
15. Богдан Е.С. Развитие soft skills как важный компонент формирования компетенций конкурентоспособных выпускников инженерных направлений [Электронный ресурс] // Вестник Евразийской науки. – 2019. – Т. 11, № 3. – С. 1–7. – URL: <https://esj.today/24ecvn319.html> (дата обращения: 16.11.2025).
16. Succi C. Soft skills for the next generation: Toward a comparison between employers and graduate students' perceptions // Sociologia del Lavoro. – 2015. – № 137. – P. 244–256.
17. Hladun L., Shyshak A., Rudenskiy R., Tirpák P., Akimjak A., Moh'd Mansour A. Theatrical Activity as a Means of Forming Soft Skills in Senior Preschoolers // Journal of Education Culture and Society. – 2025. – Vol. 16, № 1. – P. 739–753. – DOI: <https://doi.org/10.15503/jecs2025.2.739.753>.

References:

1. Мектепке дежини тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137> 14.08.22.
2. Suchchi S., Kanovi M. Gible navyki dlya povysheniya trudoustrojstva vypusknikov: Srvnjenje mnenij studentov i rabotodatelej. Issledovaniya v oblasti vysshego obrazovaniya. 2020; T. 45, № 9: 1834–1847. Soffel J. What are the 21st-century skills every student needs? [Elektronnyj resurs]. – 2016.
3. Soffel J. What are the 21st-century skills every student needs? [Электронный ресурс]. – 2016. – URL: <https://www.weforum.org/agenda/2016/03/21st-century-skills-future-jobs-students> (дата обращения: 26.08.2024).
4. Duckworth A. Grit: The power of passion and perseverance. – New York : Simon & Schuster, 2016. – 352 p.
5. Claxton G., Costa A., Kallick B. Hard thinking about soft skills // Educational Leadership. – 2016. – Vol. 73, № 6. – P. 60–64.
6. Jana L. The toddler brain: Nurture the skills today that will shape your child's tomorrow. – MA : Da Capo Lifelong Books, 2017. – 320 p.

7. Erkebaeva S.Zh. Zhaңartylған bilim mazmұny zhađdajynda mektepke dejingi eresek zhastazy balalardyң kommunikativtik dađdysyn damytu : dis. ... ped. ыл. kand. – Almaty, 2023. – 160 b.
8. Rao M. Myths and truths about soft skills // T+D Talent Development. – 2012. – Vol. 66, № 5. – P. 48–51.
9. Diakiw J. Good for kids, good for us: Socio-emotional skill development in the early years [Elektronnyj resurs] // Our Schools Our Selves. – 2016. – Vol. 25, № 2. – P. 39–46. – URL: <https://diakiwsdigest.wordpress.com/2016/02/11/good-for-kids-good-for-us/> (data obrasheniya: 26.08.2024).
10. Bayrami L., Gordon M. Lighting the footpath to a peaceful future: The roots of empathy program // Exchange. – 2017. – № 234. – P. 8–11.
11. Tedesco J., Opertti R., Amadio M. The curriculum debate: Why it is important today // Prospects. – 2014. – Vol. 44, № 4. – P. 527–546.
12. De Haan J., Kuiper E., Pijpers R. Young children and their digital skills in the Netherlands // International Journal of Media & Cultural Politics. – 2011. – Vol. 6, № 3. – P. 327–333.
13. Zhadko N.V., Bezrukih M.M. Formirovanie «myagkih» navykov v professionalnom obuchenii [Elektronnyj resurs] // Professionalnoe obrazovanie. Stolica. – 2011. – № 8. – S. 14–15. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=16550458> (data obrasheniya: 15.11.2025).
14. Shajhutdinova H.A. Formirovanie soft skills v processe podgotovki studentov k uspehnoj professionalnoj deyatel'nosti [Elektronnyj resurs] // Povolzhskij pedagogicheskij vestnik. – 2020. – T. 8, № 2(27). – S. 99–106. – URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44141331> (data obrasheniya: 15.11.2025).
15. Bogdan E.S. Razvitiye soft skills kak vazhnyj komponent formirovaniya kompetencij konkurentosposobnyh vypusknikov inzhenernyh napravlenij [Elektronnyj resurs] // Vestnik Evrazijskoj nauki. – 2019. – T. 11, № 3. – S. 1–7. – URL: <https://esj.today/24ecvn319.html> (data obrasheniya: 16.11.2025).
16. Succi C. Soft skills for the next generation: Toward a comparison between employers and graduate students' perceptions // Sociologia del Lavoro. – 2015. – № 137. – P. 244–256.
17. Hladun L., Shyshak A., Rudenskiy R., Tirpák P., Akimjak A., Moh'd Mansour A. Theatrical Activity as a Means of Forming Soft Skills in Senior Preschoolers // Journal of Education Culture and Society. – 2025. – Vol. 16, № 1. – P. 739–753. – DOI: <https://doi.org/10.15503/jecs2025.2.739.753>.

МРНТИ 14.35.35

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.031>

Н.Н. Тилеубаева,^{1*} Г.Г. Жусупбекова,² О.А. Смирнова,² Б.Кенджаева³

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

² Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

³ Халықаралық туризм және меймандостық университет, Түркістан қ., Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН МУЗЫКАЛЫҚ-ОЙЫН ӘРЕКЕТІ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақала мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде қалыптастырудағы негізгі ұғымдардың мәнін анықтау және түрлі түсініктемелерді саралап, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін жан-жақты талдауға бағытталды. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру бағытындағы тәрбие мен оқыту мәселелерінің өзектілігі нормативтік құжаттарда талқыланды. Зерттеудің теориялық әдістеріне сай зерттеу жұмысының барысында негізгі ұғымдардың мәнін анықтау және түрлі түсініктемелерді саралау мақсатында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен тақырып аясындағы ғылыми еңбектерге талдау жасалды.

Зерттеудің эмпирикалық әдістеріне сай тәжірибелік-эксперимент жұмыс жүргізіліп, оның міндеттері анықталды. Эксперименттік-эмпирикалық зерттеуде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамының даму ерекшеліктері мен деңгейлерін айқындалды және көптеген Эксперименттік-эмпирикалық зерттеуде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамының даму ерекшеліктері мен деңгейлерін айқындау үшін бізбен төмендегі диагностикалық әдістемелер қолданылды: «Эстетикалық қызығушылықты диагностикалау» әдістемесі (авторлық сауалнама); «Эстетикалық талғамды диагностикалау» әдістемесі (авторы О.П.Радынова); Р.М.Чумичеваның «Сұлулық» санатына мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-тұлғалық қатынасын